

УДК 347.4

**АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРТТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕУ НЕГІЗДЕМЕСІ:
ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕУ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Досжанов Ж.Б.

Қонаев университеті, Алматы қ., doszhanov@inbox.ru

Түйіндеме. Мақалада азаматтық-құқықтық шартты жауапкершіліктің жүктелуі мен оның негіздемесі қарастырылады. Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік жүктеу негіздемесі – бұл құқықтық жауапкершіліктің басқа түрлерінен және азаматтық-құқықтық қорғау шараларынан ерекшеленетін негізгі белгі. Бұл жауапкершіліктің өзіндік ерекшеліктері оны зиян келтіру кезінде туындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен айырады. Мақалада шартты жауапкершіліктің құқықтық табиғаты мен оны нақты құқықтық нормалар арқылы саралау мәселелері талданады. Сонымен қатар, шарттық міндеттемелерді орындамау немесе дұрыс орындамау жағдайында азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің қандай негіздерде

туындайтыны, оның қоғамдағы рөлі мен құқықтық жүйедегі орны сипатталады. Бұл жауапкершілік жүйесі тұлғалардың арасындағы шарттық қарым-қатынастарды реттеп, олардың заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Мақалада шартты жауапкершілікті жүктеу негіздерін саралау арқылы құқықтық жауапкершіліктің тиімділігі мен оның азаматтардың құқықтық қорғалуына әсері талқыланады. Осылайша, зерттеу азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің ерекшеліктерін түсінуге және оның құқықтық жүйеде қандай рөл атқаратынын тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: Шарттық жауапкершілік. Азаматтық құқықтық жауапкершілік жүктеу негіздемесі. Азаматтық құқық бұзушылық. Құқық бұзушылық құрамы. Кінә.

**ПРЕДПОСЫЛКИ ОТВЕТСТВЕННОСТИ, КАК ОСНОВАНИЯ ПРИВЛЕЧЕНИЯ К
ГРАЖДАНСКОЙ-ПРАВОВОЙ ДОГОВОРНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ**

Досжанов Ж.Б.

Университет Кунаева, г. Алматы, doszhanov@inbox.ru

Аннотация. В данной статье проводится анализ оснований привлечения к гражданско-правовой договорной ответственности. Автор рассматривает основания ответственности как ключевой признак, отличающий гражданско-правовую договорную ответственность от иных видов юридической ответственности, мер защиты гражданских прав и гражданско-правовой ответственности, возникающей вследствие причинения вреда. Особое внимание уделяется разделению понятий оснований, предпосылок и условий ответственности, что позволяет более точно определить юридическую природу гражданско-правовой договорной ответственности.

В статье рассматриваются различные доктринальные подходы к вопросу необходимости состава правонарушения для возникновения гражданско-правовой договорной ответственности. Анализируются мнения ученых, утверждающих, что обязательным условием ответственности является наличие всех элементов состава правонарушения, а также альтернативные точки зрения, допускающие ответственность при наличии отдельных условий.

Кроме того, проводится анализ норм Гражданского кодекса Республики Казахстан, регламентирующих вопросы ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение

обязательств. В статье делается вывод с том, что гражданско-правовая договорная ответственность базируется на юридических фактах и презумпциях, позволяющих кредитору требовать привлечения должника к ответственности.

Ключевые слова: Гражданско-правовая договорная ответственность. Основания возникновения гражданско-правовой договорной ответственности. Гражданско-правовые нарушения. Состав правонарушения. Вина.

PREREQUISITES FOR LIABILITY AS GROUNDS FOR BRINGING TO CIVIL CONTRACTUAL LIABILITY

Doszhanov Zh.B.

Kunaev University, Almaty, doszhanov@inbox.ru

Abstract. This article provides a thorough and comprehensive analysis of the grounds for attracting civil contractual liability. The author examines these grounds as a key element that distinguishes civil contractual liability from other types of legal liability, such as liability for harm and measures for the protection of civil rights. Special attention is given to the differences between the concepts of grounds, prerequisites, and conditions of liability, which allows for a more precise characterization of the legal nature of civil contractual liability.

Additionally, the article discusses various doctrinal approaches to the question of the elements of a legal offense necessary for the emergence of civil contractual liability. It analyzes the opinions of scholars who argue that liability arises only when all elements of an offense are present, as well as alternative views that allow for liability when certain conditions are met. The author emphasizes that civil liability can arise not only in the case of a breach of obligation but also based on the presumption of its violation, which is an important aspect of legal practice.

Besides the theoretical aspects, the article includes an analysis of the provisions of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan regulating liability for non-performance or improper performance of obligations. In conclusion, the author argues that civil contractual liability is based on legal facts and presumptions, granting the creditor the right to demand the debtor's liability, making the liability system more flexible and protective of the parties' interests.

Key words: Civil contractual liability. Grounds

for the emergence of civil contractual liability. Civil law violations. The composition of the offense. Guilt

DOI 10.61995/bela/2023.2.3

Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілікті басқа азаматтық құқықты қорғау шараларынан ерекшелендіретін белгісі, жауапкершілік жүктелу негіздемесі.

Біз жауапкершілік жүктеу негіздемесін азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілікті ерекшелендіретін негізгі белгі ретінде танимыз. Яғни, В.Ф. Яковлев дұрыс айтатындай, шартты жауапкершілік шараларын басқа құқық қорғау шараларынан ажырататын белгісі: бұзушыға қосымша, эквивалентсіз міндеттер жүктеуі және өздерінің қолдану негіздемесі [1].

Жауапкершілік шаралары — санкцияның ерекше түрі, себебі олар ерекше негіздерден туындап, ерекше салдарға әкеледі [2]. Жауапкершілік жүктелу негіздемесі арқылы құқық салаларындағы қолданылатын жауапкершілік институттарын бір-бірінен, жауапкершілік шараларын басқа құқық қорғау шараларынан ажыратуға болады.

Кейбір авторлар жауапкершілік жүктеу негіздемесі ретінде құқық бұзу құрамын көрсетеді, яғни:

- Субъект. Тұлғаға азаматтық-құқықтық санкция қолдану мүмкіндігі болу керек және әрекет қабілеттігі болуы тиіс;
- объект – бұзылған субъективтік құқық;
- борышқор тәртібінің құқыққа қарсы болуы. Яғни тұлға тәртібі құқық нормасына және келісімшартқа, іскерлік әдет-ғұрыпқа қайшы келуі тиіс;

- субъективті жақ – кінә.

Осындай ойларды біршама отандық авторлар да ұстанады. Мысалға А.К. Кусайнованын ойынша – азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тарту қажетті негіз болған кезде ғана мүмкін болады. Ол негіз – құқық бұзушылық құрамы. Оның элементтері келесілер: әрекеттің құқыққа қарсылығы; зиян немесе шығынның болуы; құқыққа қарсы тәртіп пен зиянды нәтиженің арасындағы себепті байланыс; құқық бұзушы кінәсі [3].

Р.Кишкимбаева да осындай ойды қолдайды, себебі азаматтық-құқықтық жауапкершілік өз ерекшеліктерін иеленсе де, жалпы құқықтық жауапкершілікке негізделеді [4].

Жалпы, құқық бұзушылық құрамына қатысты келтірілетін ойларды үш топқа бөлуге болады:

Біріншісі бойынша, азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеу үшін міндетті түрде құқық бұзушылық құрамы қажет. Яғни, құрамның барлық элементтері анықталған соң ғана азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеледі. Құқық бұзушылық құрамы барлық жағдайда жауапкершілік жүктеу үшін анықталуы тиіс, әрі жауапкершілік жүктеу үшін құқық бұзу құрамынан ауытқуға жол берілмейді. [5].

В.А. Тарховтың ойынша, жауапкершіліктің заңды негіздемесі – құқық бұзушылық. Құқық бұзушылық құрамы келесілерден тұрады: объект – қоғамдық қатынастар; объективті жақ – құқық бұзудан келген зиян, құқыққа қарсы әрекет, себепті байланыс; субъективті жақ – кінә, кейбір жағдайларда ниет, мақсат деп көрсетеді [6].

Екінші ойды – «ауытқуы бар құрам немесе шектеулі құрам туралы теория» – деп атауға болады. Ол бойынша құқық бұзушылық құрамы жауапкершілік жүктеу үшін қажет, онда жоғарыда аталып кеткен құрамның төрт элементі, бір жағдайларда одан да аз элементтер болуы мүмкін, яғни, құрам толық емес болуы мүмкін.

Үшінші ой бойынша, азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеу үшін құқық бұзушылық құрамы қажетсіз. Жауапкершілік жүктеу үшін тек белгілі бір шарттар болса жеткілікті.

Біз соңғы келтірілген ойды ұстанамыз.

Жалпы қабылданғандай, құқық бұзушылық құрамы жоғарыда аталып кеткен төрт міндетті элементтен тұрады. Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік құқықтық

жауапкершіліктің бір түрі бола тұра, ол тек өзіне тиесілі азаматтық-құқықтық, салалық ерекшеліктерді иеленеді. Жария құқықтық қатынастарға негізделген, қылмыстық құқықтық жауапкершілік белгілері (жауапкершіліктің жазалау ретінде қолданылуы, жауапкершіліктің құқық бұзушылық құрамы үшін жүктелуі) жалпы болып табылатын құқықтық жауапкершілік белгілеріне жатқызылуы бізге түсініксіз. Осында тектік белгілер (құқықтық жауапкершілік) түрлік белгілермен (қылмыстық құқықтық жауапкершілік) алмастырылып отыр.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік институтына құқық бұзушылық құрамы ұғымының қылмыстық құқықтан келгенін айдан анық екендігін В.А. Тархов, В.Ф. Яковлев еңбектерінен байқауға болады. Яғни онда құрамның объектісі, объективті жағы, субъектісі, субъективті жағы бөлініп қарастырылады.

М.К. Сулейменов дұрыс көрсететіндей азаматтық құқықты қылмыстық құқықпен жақындастыру процесі байқалады, бұл әсіресе азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеу негіздемесінде айқын көрінеді. Яғни біршама ғалымдардың ойынша, азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеу үшін құқық бұзушылық құрамы қажет. Алайда айыппұл өндіріп алу үшін зиян қажетсіз. Мұнда тек құқыққа қарсылық және кінә болса жеткілікті.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басты негіздемесі – субъективті азаматтық құқықты бұзу. Ал жауапкершілік жүктеу шарттарына келсек, әрине бір жағдайларда төрт шартта қажет болатын кездер бар, мысалға шығын орнын толтыру үшін. Алайда жауапкершілік жүктеу үшін осы шарттардың көбісі қажет болмайтын жағдайларда жеткілікті.

Жауапкершілік жүктеу үшін барлық кезде болуы тиіс шарт, ол – субъективті құқық бұзылуының құқыққа қарсылығы. Шартты жауапкершілік – шарт бұзылғанда қолданылады, құқыққа қарсылық мұнда презумпцияланады.

Аталғанға қоса, М.К.Сулейменов жалғыз құқық бұзушылық құрамын емес, ал кінәні де азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеу негіздемесі ретінде сынға алады. Яғни, автордың ойынша азаматтық құқықтағы кінә – субъектінің өз әрекетіне психикалық қатынасы, алайда

кінәнің осы анықтамасын заңды тұлғаларға қатысты қолдану түсініксіз. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеудегі ең бастысы құқық бұзу фактісі және оның құқыққа қарсы болуы, ал тұлғаның психикалық қатынасы ешкімге маңызды емес [7].

ҚР АҚ 349-бабына жүгінсек міндеттеме бұзылғандағы ұғымы, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) – оның бұзылуы деп түсініледі. Яғни, осы бап бойынша міндеттеме бұзу өзімен міндеттемені орындамауды және тиісті орындамауды қамтиды және міндеттемені орындамау немесе тиісінше орындамау орын алса, жауапкершілік жүктеу мүмкін екендігін көрсетеді.

Алайда тәжірибеде міндеттемені орындалмауы және тиісті орындалмауы үшін жауапкершілік жүктелмейтін жағдайлар бар. Мысалға, ҚР АҚ 354-бабының, 3-тармағы бойынша мерзімі өтіп кеткендіктен өзі үшін енді керегі болмай қалған міндеттемені орындалуынан несие берушінің бас тартуы. Яғни, аталған ереже бойынша мерзімі өтіп кеткен міндеттеме несие берушіні қызықтырмайтын болса, ол міндеттемені орындаудан босатылады. Осы кезде оған жауапкершілік жүктелмейді.

Міндеттемені орындамау және тиісті дәрежеде орындамау жауапкершілік жүктеу негіздемесі болу үшін олар құқыққа қарсы болуы тиіс. Осыдан заңды қорытынды — міндеттемені бұзу (міндеттемені орындамау және тиісті орындамау) және құқыққа қарсылық бір ұғым емес. В.А. Ойгензихт дұрыс байқағандай, құқыққа қарсылық пен құқық бұзушылық тең емес [8].

Азаматтық құқықтық жауапкершілік сұрағын қарастырғанда, біз үш құрылымды бір-бірінен ажыратуымыз керек, олар жауапкершілік жүктеу негіздемесі, жауапкершілік жүктеу алғышарты, жауапкершілік жүктеу шарттары.

Жауапкершілік жүктеу негіздемесі жауапкершілік жүктеу алғышарты мен шарттарын қамтиды. Жауапкершілік жүктеу алғышартына шарттың жасалуын және оның бұзылуын жатқызамыз.

Шартты жауапкершілік жүктеу шарттары екі топ элементтерден құралады: а) «алдыңғы»

– шарттың құқыққа қарсы бұзылуы және ә) «кейінгі», шарт бұзылуынан келетін зиянды нәтиже, шарт бұзылуы мен зиянды нәтиже арасындағы себепті байланыс.

З.Г. Крылова жауапкершілік жүктеу шарттары мен негіздемесін бір-бірінен ажыратады. Жауапкершілік жүктелу шарттарын автор, – жауапкершілік орын алуы немесе орын алмауына әкелетін жағдайлардың бар не жоқ болуы – деп көрсетеді және ол – құқыққа қарсылықтан, кінәден, материалды залалдан, себепті байланыстан тұрады деп алады. Ал жауапкершілік жүктеу негіздемесі ретінде құқық бұзу көрсетіледі [9]. Яғни, автор ойынан жауапкершілік жүктеу шарты дегенде көрсетілген әр шартты өзінше алып қарауға болады, ал егерде ол шарттардың жиынтығы болса ол құқық бұзуды құрайды, яғни жауапкершілік жүктеу негіздемесі дейді.

Басқа бір топ авторлар, біз қолданатын «жауапкершілік жүктеу алғышарты» терминінің орнына, жауапкершілік негіздемесі терминін қолданады. Мысалға, Ч. Големинов, шартты жауапкершілік негіздемесі ол – заңға немесе шартқа сәйкес шартты жауапкершілік жүктелетін факт немесе фактілер тобы [10]. Мұнда автор факт есебінде, шарттың жасалуы мен шартты міндеттеме бұзылуын алатын болар, себебі жауапкершілік жүктеу негіздемесінде олардан басқа фактілер жоқ. Яғни, автор жауапкершілік негіздемесі және шарттарын бөліп қарастырады. Осында автор, жауапкершілік қолдану негіздемесі және жауапкершілік жүктеу алғышарты терминдеріне салынатын мазмұн бір. Біз қолданатын терминді осы жағдайда қолдану дәл болады, себебі жауапкершілік жүктеу негіздемесі кең ұғым және жоғарыда айтылғандай өзімен жауапкершілік жүктеу алғышарты мен шарттарын қамтиды.

Жауапкершілік негіздемесіне қатысты біршама қиындықтар байқағандай терминдерге байланысты. Бұл туралы басқа да авторлар айтады [11].

Сонымен шартты жауапкершілік негіздемесі дегеніміз – өзінде жауапкершілік жүктеу үшін қажетті болып табылатын элементтерді ұстайтын құрылым немесе шартты жауапкершілік пайда болуына әкелетін факті немесе фактілер тобы [12].

Айта кету керек, жауапкершілік жүктеу үшін фактілермен қатар презумпциялар қолданылады (бұзушы тәуекелі). Сонда, жауапкершілік жүктеу негіздемесі – несие берушіге борышқорды

жауапқа тартуға құқық беретін, борышқорға жауап беру міндетін тудыратын заңды фактілер тобы және презумпцияланатын жағдайлар.

Мұнда біз заңды фактілер ретінде шартты шартты міндеттеменің бұзылуын; жәбірленушіге міндеттеме бұзудан келетін мүліктік, жағымсыз салдарды (шығын, залал); міндеттеме бұзу мен жағымсыз салдар арасындағы, бұзушы тәртібі және міндеттеме бұзылу арасындағы себепті байланысты аламыз. Ал презумпция дегенде тәуекел алынады.

Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік жүктеу негіздемесін бөлу туралы ойлар бұрындары да айтылған. Мысалға А.А. Файнштейн, жауапкершілік қолдану үшін белгілі бір жағдайлар жиынтығы керек, олардың бірі – алғышарттар, екіншісі – шарттар – деп көрсетеді [13]. Автор, алғышарттарды шарт және шарт бұзылуы құрайды, ал жауапкершілік жүктеу шарттарын құқыққа қарсы әрекет (әрекетсіздік), шығын, себепті байланыс және кінә құрайды деп есептейді.

Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік алғышарты барлық жағдайда болуы тиіс. Жауапкершілік жүктеу алғышартын іргетас деп алсақ, шарттар – оның үстіне орналастырылатын құрылым.

Азаматтық құқықтық шарты жауапкершілік жүктеу шарттарын екіге бөлудің себебі шығын орнын толтыру шарасына байланысты. Жауапкершіліктің негізгі шарасы шығын орнын толтыру, осы шараны қолдану үшін жауапкершіліктің «алдыңғы шарттары» жеткіліксіз (міндеттеме құқыққа қарсы бұзылуы және тәуекелдің болуы), мұнда міндеттеме бұзудан келетін зиянды нәтиже орын алуы қажет, тиісінше себепті байланыста анықталады. Демек, шығын орнын толтыру шарасын қолдану үшін шарт және оның бұзылуы анықталады, содан соң барып қалған шарттар анықталуы тиіс. Яғни алдыңғылардың анықталуы кейінгілердің анықталуының алғышарты болып табылады.

Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік жүктеу алғышарты өзінен-өзі жауапкершіліктің жүктелуіне әкелмейді, алайда шартты жауапкершілік жүктелуі үшін ол барлық жағдайда орын алуы тиіс. Шартты жауапкершілік жүктеу үшін алғышарт болмаса жауапкершілік жүктеу шарттарының өзін анықтаудың қажеті

жоқ. Осынысымен жауапкершілік жүктеу үшін алғышарттың анықталуы бізге қажетті.

Жауапкершілік негіздемесінің әрқайсысы маңызды, олардың бірінің болмауы, кей жағдайларда жауапкершілікті де болдырмайды.

Түйіндеме

Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік жүктеу негіздемесі – несие берушіге борышқорды жауапқа тартуға құқық беретін, борышқорға жауап беру міндетін тудыратын заңды фактілер тобы және презумпцияланатын жағдайлар.

Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік жүктеу негіздемесі жауапкершілік жүктеу алғышартынан және шарттарынан тұрады. Жауапкершілік жүктеу алғышартына шарттың жасалуын және оның бұзылуын жатқызамыз. Азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік жүктеу алғышарты өзінен-өзі жауапкершіліктің жүктелуіне әкелмейді, алайда шартты жауапкершілік жүктелуі үшін ол барлық жағдайда орын алуы тиіс.

Шартты жауапкершілік жүктеу шарттары екі топ элементтерден құралады: а) «алдыңғы» – шарттың құқыққа қарсы бұзылуы және ә) «кейінгі», шарт бұзылуынан келетін зиянды нәтиже, шарт бұзылуы мен зиянды нәтиже арасындағы себепті байланыс.

Қолданылған қайнар көздер

1. Яковлев В.Ф. Принуждение в гражданском праве // Защита гражданских прав: Материалы международной научно-практической конференции посвященной 10-летию Казахского гуманитарно-юридического университета (в рамках ежегодных цивилистических чтений). Алматы, 13-14 мая 2004 / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права, КазГЮУ, 2005. – С.31.

2. Попандопуло В.Ф. Динамика обязательственного правоотношения и гражданско-правовая ответственность. – Владивосток: Изд. Дальневосточного ун., 1985. – С.7

3. Кусайнова А.К. Невозможность исполнения обязательства как основание освобождения от ответственности // Ответственность в гражданском праве: Материалы международной научно-практической конференций (в рамках ежегодных цивилистических чтений) Алматы,

22-23 мая 2006 г. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2006. – С. 214-215.

4. Жайлин Г.А. Гражданско-правовая ответственность за вред причиненный преступлением против личности: Дисс... канд... юрид... наук: 12.00.03. – Алматы, 1999. – С.11; Кишкимбаева Р. Защита гражданских прав и гражданско-правовая ответственность // Материалы Международной научно-практической конференции посвященной 10-летию Казахского гуманитарно-юридического университета (в рамках ежегодных цивилистических чтений). Алматы, 13-14 мая 2004 / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права, КазГЮУ, 2005. – С. 60-67; Осипов Е.Б. Вопросы ответственности участников кредитно-расчетных отношений в Республике Казахстан // Ответственность в гражданском праве: Материалы международной научно-практической конференций (в рамках ежегодных цивилистических чтений). Алматы, 22-23 мая 2006 г. / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2006. – С. 300-305.

1. Красавчиков О.А. Ответственность, меры защиты и санкций в советском гражданском праве. // Проблемы гражданско-правовой ответственности и защиты гражданских прав. – Свердловск, 1973. Вып. 27. – С.9; Райдла Ю.Э. Вопросы гражданской правовой ответственности в условиях перестройки / Юридическая ответственность: проблемы и перспективы. Труды по правоведению. – Тарту, 1989. – С.54; Крылова З.Г. Ответственность по договору поставки. – М., 1987. – С.12-16.

2. Тархов В.А. Гражданское право и ответственность. – Уфа, 1996. – С.85

3. Сулейменов М.К. Гражданско-правовая ответственность по законодательству Республики Казахстан / Ответственность в гражданском праве: Материалы международной научно-практической конференций / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ,

2006. – С.23-24; Сулейменов М.К. Защита гражданских прав по законодательству Республики Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции посвященной 10-летию Казахского гуманитарно-юридического университета (в рамках ежегодных цивилистических чтений). Алматы, 13-14 мая 2004 / Отв. ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права, КазГЮУ, 2005. – С.28.

4. Ойгензихт В.А. Проблема риска в гражданском праве. – Душанбе: Ирфон, 1972. – С.192.

5. Крылова З.Г. Ответственность по договору поставки. – М., 1987. – С.12-16.

6. Големинов Ч. Вопросы на гражданско-правовую отгораженность за недостатки при договоре за доставка // Известия на института за правни науки. – София. – 1964. – С.83-94.

7. Ребане И.А. О методологических и гносеологических аспектах учения об основаниях юридической ответственности // Юридическая ответственность: проблемы и перспективы. Труды по правоведению. / Отв. ред. Варул П.А., Ребане И.А. – Тарту, 1989. – С.19

8. Антимонов Б.С. Основания договорной ответственности социалистических организаций. – М.: Госюриздат, 1962. – С.28; Брычева Л.И. Гражданско-правовая ответственность в сфере обслуживания: Автореф... канд... юрид... наук: 12.00.03. – М., 1985. – С.7-8; Донцов С.Е., Маринина М.Я. Имущественная ответственность за вред причиненный личности. – М.: Юридическая литература, 1986. – С.14.

9. Файнштейн А.А. Договорная ответственность социалистических организаций. – М.: Изд. Международные отношения., 1975. – С.10-13; Лейст О.Э. Санкции и ответственность по советскому праву. – М., 1981. – С.13-15; Василиев Р.М. Теория государства и права. – М., 1986. – С.366-367; Илиев Г.С. Освобождение от ответственности по общим условиям поставки товаров между хозяйственными организациями стран членов СЭВ: Автореф... канд... юрид... наук: 12.00.03. – Лен., 1981. – С.6.